

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 қыркүйектегі N 1189 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі N 219-ө өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2003 жылғы 13 қыркүйектегі N 1189 Жарлығын (бұдан әрі - Жарлық) іске асыру мақсатында:

1. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік орган қолданыстағы заңнамаға сәйкес қайта ұйымдастыру рәсімдерін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі және Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі бір апта мерзімде:

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық органдарының штат саны лимиттерін бекіту туралы қаулының жобасын енгізсін;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар туралы ережелерді бекіту туралы қаулылардың жобаларын енгізсін;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді Жарлыққа сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

Жарлықты іске асыру үшін қажетті өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*